

За годы обучения в школе ученик приобретает множество разнообразных знаний и умений. Но все-таки одной из главных задач остается задача воспитания Человека, Личности. И если, по словам Эразма Роттердамского: “Люди, поверьте мне, не рождаются, а формируются”, то учитель математики может и должен помочь формированию душ учащихся [3, с. 25].

Учитель - это тот человек, который должен передать новому поколению все ценные накопления веков.

#### Список литературы:

1. Ушинский К.Д., Избранные педагогические сочинения: в 2 т.- М., 1974.
2. Глейзер Г.И., История математики в школе. Пособие для учителей. - М.: Просвещение, 1964.
3. Харламов И.Ф., Педагогика: Уч. пособие: Высш. Шк., 1999.
4. Селевко Г.К., Селевко А.Г., Социально-воспитательные технологии. М.: Народное образование, 2002.
5. Педагогическая система И.П.Иванова в Современном контексте духовно-нравственного воспитания школьников. 2002г.

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

Ибраева А.С.  
Дуйсембаева Г.Т.  
Нуркина Б.А.  
СІШ №16  
г.Костанай

#### Аннотация

*Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихы мен ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Сонымен қатар ол көрнекті ақын әрі жазушы болды. Оның қаламынан бойындағы тамаша талантын танытқан маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтастығы анық. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген зор нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Осы жолда ол бойындағы бар күш-қуатын, қабілеті мен білімін сарқа жұмсады.*

*Осы тұрғыдан келгенде, Ыбырай шығармаларының көркемдік, тілдік ерекшеліктері туралы бұрынғы-соңды жазылып, жарияланған еңбектерді саралап-салмақтау бүгінгі күннің талабы десек болады*

#### Аннотация

*Ыбырай Алтынсарин оставил глубокий след в формировании казахской истории образования и национальной школы. Он также был выдающимся поэтом и писателем. Его перу принадлежат замечательные художественные произведения, проявившие свой талант.. Он потратил всю свою энергию на обучение людей и воспитание молодежи. Очевидно, что письменная работа Ыбырая связана с проблемой образования и искусства. Его поэтическое дыхание, стало дополнительным стимулом огромная цель, в которой много написано – открыть глаза в темном казахского народа, пробудить внимание, его включение в число стран с передовой культурой. Таким образом, он проявил всю свою энергию, способности и знания.*

#### Abstract

*Ybyray Altynsarin left a deep mark in the formation of the Kazakh history of education and the national school. He was also an outstanding poet and writer. He was also an outstanding poet and writer. His pen belongs to remarkable artworks that have shown their talent. He spent all his energy on educating people and upbringing youth. Obviously, the written work of Ybyray is connected with the problem of education and art. His poetic breath, became an additional stimulus and a huge goal, in which it is written - to open his eyes to the dark Kazakh people, to awaken attention, his inclusion in the number of countries with advanced culture. Thus, he showed all his energy, abilities and knowledge.*

*Түйінді сөз: ағартушылық, тарихы, мұрасы, білімі, ғұмыры*

*Ключевые слова: писатель, патриот, знание, наследие, просветитель*

*Keywords: teacher, swan, knowledge, heritage, history*

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы. Туып-өскен жері — Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арқарағай ауылы. Осы жерде, Тобыл өзенінің жағасынан топырақ бұйырған. 1850 ж. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға түсіп, сол мектепті бітірген соң, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады (1857—1859). Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгілінеді. Ыбырайдың бүкіл өміріне арналған ағартушылық-педагогтық қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашады. Ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса Ыбырайға басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья болып (1868—1874), Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі (1876—1879) қызметін атқарады. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсыныс етеді. Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жатарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл-шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды. Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Мектеп оқуында, әсіресе, ана тіліне үйретуде К.Д.Ушинскийдің ойларына жүгінді. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы» оқу құралы ретінде ұсынды. Ыбырайдың пікірінше, мектептерге арналып жазылатын оқу кітаптары өзінің идеялық мазмұны және нақты материалдары жағынан ана тілінің және халық даналығының бай қазынасына негізделуге тиіс болды. 1879 ж. оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және дидактик оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» жарық көрді. Бұл екі кітапта қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды.

Үлкен-кішіміздің қай-қайсысымыз болмасын балаларды білім алуға, ғылым-білім үйренуге, талаптанып оқуға шақырған Ұлы Ұстаз Ыбырай Алтынсариннің

"Бір Құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық", – деп басталатын өлеңін жатқа білеміз. Ал, сол өлеңнің "Бір Құдайға сиынып" деген жолын тек еліміз өз Тәуелсіздігін алған жылдардан

бастап қана айтып, қосып жаза бастадық емес пе. Ұстаздың қай шығармасын алмайық, мысалы, "Таза бұлақ", "Бай баласы мен жарлы баласы", "Әке мен бала", "Бір уыс мақта" бәрі де жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, білімділікке шақырады. Бүгінгі ақпараттық техника заманында да Ыбырай атамның шығармалары мәні мен мағынасы, тәлімдік-тәрбиелік, ағартушылық жағынан алғанда өзінің маңызын әлі жойған жоқ. Сонау 1861-1863 жылдары он тоғыз жастағы Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін Торғай өңірінде алғаш рет бір сыныптық мектеп ашу ісін қолға алып, әуелі оның үйін тұрғызудан бастағанының өзі – көзсіз ерлік деп айтуға болады. Жергілікті халықтан ақша жинап, мектепке керекті материалдар сатып алып, ата-аналардың көмегімен мектеп үйін тұрғызады. Оқу алғаш 1864 жылы қаңтар айында салтанатты түрде ашылып, той жасалады. Ыбырай 14 қазақ баласын оқуға қабылдайды. Олар мектеп жанынан салынған интернатта жатып оқитын болады. Өзінің осы істері жайында профессор Н.Ильминскийге 1864 жылдың қаңтарында жазған хатында былай дейді: "Осы жылы қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен арманым орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар..." Міне, осы секілді мәліметтер, деректер облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы мен мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен өткен "Ыбырай Алтынсарин мектебінің 150 жылдығы: тарих және қазіргі заман" атты дөңгелек үстелде жан-жақты айтылды.

Торғайда алғашқы бастауыш мектепті Ыбырай Алтынсариннің ашқанына 150 жыл толуы – Қостанай өңірінің тарихында қандай орын алып отырғандығын, облыста осындай маңызды оқиғаға байланысты бірнеше жобалардың дайындалғаны туралы, Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі, шығармашылығының ұрпақ тәрбиесінде алар орны, маңызы, сол секілді Ы.Алтынсаринді Елбасымыз өзінің "Тарих толқынында" кітабында Қазақстандағы халық ағарту ісінің тұңғыш абызы деп атағаны, облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінің бастығы Ю.Говорова Татарстан Республикасының (Қазан қаласы) Ұлттық мұрағатында болғанын, онда еліміздің, соның ішінде Қостанай облысының тарихына Ы.Алтынсаринге байланысты құжаттар тапқаны туралы айтып өтті.

Біздің ұлы ұстаз, қазақ педогогикасының негізін қалаған Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының құрылғанына 25 жыл. Даланың дара тұлғасы, қазақ ағарту саласында өзіндік ізін қалдырған, тұңғыш мектеп ашқан, жаңашыл жазушы, ақын Ыбырай Алтынсариннің де туғанына 175 жыл. Осы орайда біз сіздерге Қостанай қаласындағы педагог-ағартушы ғалым атындағы мұражайға баруды ұсынамыз.

Мемориалдық мұражай кешені Қостанай қаласының тарихи-архитектуралық бөлігінде, Ордабай шатқалында 1884 жылы жазушы негізін қалаған дарынды балаларға арналған Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернат жанында орналасқан.

Мұражай ғимараты екі бөліктен тұрады. Біріншісі Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің нақты көшірмесі. Ішінде жазушының мемориалдық сыныбы мен әкімшілік кабинеттер орналасқан. Екіншісі киіз үй тәріздес екі қабатты ғимаратта екі стационарлық көрме «Ыбырай Алтынсарин – мұғалім-ағартушы» және «Қазақстан Республикасы халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың шығармашылық лабораториясы» экспозицияға қойылған.

Екінші бөлімде әр түрлі шараларға байланысты экскурсиялар жиі өтіп тұрады. Оған көбінесе мектеп оқушылары мен жастарды шақыру мұражайдың басты мақсаттарының бірі дейді Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музей директорының орынбасары Роза Куанова. «Ыбырай Алтынсариннің өміріне, тарихта атқарған қызметіне арналған бөлімдерге мектеп оқушылары мен жастарды жиі шақырып тұрады.

Мұражай қызметкерлері қорларды толтыру үшін үлкен күш жұмсады. Олар Алматы, Омбы, Орск, Орынбор, Санкт-Петербург мұрағаттарында жұмыс жүргізді. Алтынсариннің өмірін зерттеу үшін қажетті материалдарды жинауға Қостанай қаласы мен облысының қоғамы өз үлесін қосты.

Мұражай қорында 11820 экспонат, негізгі қордың 10190 бірлігі сақталуда. Мұражайда жазушының шығармашылығы мен өмірі жайлы кітаптар, оның жеке заттары, Ы. Алтынсариннің кітаптары, мектептерінің макеттері, фотосуреттер, естеліктер жиналған.

Мұражайдың екінші көрмесі ҚР халық жазушысы, танымал ақын, Ыбырай Алтынсариннің туысқаны – Мәриям Хәкімжановаға арналған.

Бүгінде мұражай кешенді ғылыми-ағарту мекемесі болып табылады, үш бағытта жұмыс істейді: педагогика, әдебиет, мәдениет және өнер. Мұражай 30 мыңдай көрермендерге мәдени қызмет көрсетеді, оның ішінде жақын және алыс шетелдерден келетін қонақтар бар. Болашақта оқытушының өмірі мен қызметінің жаңа қырларын зерттеу жұмыстары да жалғасын табады деп күтілуде.

Ыбырай Алтынсарин «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім», – деп жазған екен. Оған қоса нағыз мұғалімнің қасиеттерін де ерекше атап өтіпті. Сол идеал мұғалім тұлғасын әуелде өзі өз өнегесімен көрсете білді. Қазіргі заман талабына сай болуды армандаған ұстаздар Ыбырай сынды ұлы ойшылдан тағылым алып, оның қазақ балаларын оқытып тәрбиелеудегі үлесінің тым болмағанда жартысына қол жеткізе алса – міне, нағыз педагог сол болар еді деген көз – қарасты ұстанамыз.

Қорытындылай келе, келешекке сенімі мол Ыбырай өмірі көркі, болашақтың иесі-жастар деп ұқтық. Бүгінгі өміріміз көрсетіп отырғандай, Ыбырай Алтынсарин негізін қалап берген білім беру жүйеміздің ақыры жаман болған жоқ. Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Бұған басты себеп – қазақ тілінде білім беру кеңістігінің ұлғайып, сапалы оқулықтардың көбеюі. Ы. Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ең бастысы Ыбырай Алтынсарин-педагог, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы. Егемен еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсариннің де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз.

Ыбырай Алтынсарин- нағыз халықшыл жазушы ағартушы ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген тамаша қаламгер. Ең бастысы Ыбырай Алтынсарин- педагог, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы. Егемен еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсариннің де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз.

«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу — әрқайсымыздың міндетіміз», — деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын таба берсе керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Қостанай таңы» газеті №8 2016ж.
2. Республикалық басылым: «Егемен Қазақстан» 2016ж.
3. «Білім» журналы №1 Алматы 2017ж.
4. «Ы. Алтынсарин тағылымы» Алматы 2016ж.
5. «Ы.Алтынсарин» Алматы 2015ж.
6. «Қостанай таңы» газеті 2017ж.
7. «Білім» журналы Алматы 2015ж.